

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Мүшелі жас-мерейлі жас

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.11.2017СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/21208/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Лаззат Құрманәлиева

Мүшелі жас-мерейлі жас

Қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық мәдениетін өзіне қатысты рәміздерімен байланыстыра дәріптеуге үйрету; балалардың өмір жасына сипаттама беру, оларды ата-аналарын сыйлауға, мейірімділікке, достарын сыйлауға тәрбиелеу; ұлттық дүниетанымын ұалыптастыратын, өзін тануға ықпал етер мерекелердің мазмұнын ұғындыру.

Көрнекілігі: Нақыл сөздер жазылған плакаттар, шарлар. Жүргізуші:

«Мүшелі жас-мерейлі жас» тақырыбындағы пікір алысу отырысына қош келдіңіздер. Аты айтып тұрғандай мұнда ата-бабамыздан қалған, бізге жеткен қызықты дерек мүшелі жас туралы сөз қозғаймыз. Осы тақырыпты таңдауымыздың өз себебі бар. Қазір осы дөңгелек үстел басында өздерін толғандырып жүрген мәселені ортаға салып, ойларын білдіріп, бір-бірімен пікір алмасатын тәрбиеші мен тәрбиеленушілер мүшелі жасына кірді. Сондықтан дәл осы кезде мүшелі жастың сипатына тоқталып, оның сырларына қанығып, жалпы түсінік берудің маңызы ерекше деп ойлаймын.

Азамат туған анадан,

жараған.

атаулы

балаған.

Ақылы іске

Адамның жасын

Мүшелге бөліп

«13 жас-алғашқы мүшелі» Ендеше балалықпен қоштасып, азаматтылыққа аяқ басқан мүшелі жас иелеріне қошемет

көрсетейік! **Жүргізуші:** Өнеге қалса данадан, Өсиет елге тараған. Бір мүшел жасты халқымыз, Есейген шақ деп санаған. Балалар 13 жас жақсы мен жамандықты, ар мен намысты, дос жолдастықты айыра білетін кезең Қазақ халқы жас жеткіншектердің тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Олардың бойына мейірімділік, әдептілік, қайырымдылық, сыпайылық сияқты жақсы қасиеттерді сіңіре білген. Міне, осындай қасиет сендердің бойларыңнан да табылса деймін.

Ендеше, сендерге қояр алғашқы сұрағым-жыл қайыру аңызын білесіңдер ме? Ендеше бірге тыңдайық.

Ертеде түркі қағандарының бірі өзінен бірнеше жыл бұрын өткен аты шулы бір соғыстың тәсілін үйренбекші болады. Бірақ ол соғыс қай жылы өткенін білмей әбден шатасады. Сонда қаған өзінің қауымына былай депті: «Біз тарихымызды да жаңылысады. Біз енді жылдарға ат қояйық. Бұл біздің кейіңгілерге қалдырған ескерткішіміз анықтауда көп жаңалыстық, ал бұдан кейіңгілер бұдан болсын». Сөйтіп Іле өзенінің екінші басына ау құрғызып, жабайы айуандарды өзенге қарай қууға бұйрық береді. Нөкерлер хайуандарды қаумалап үркіте бастайды. Бәрі бірдей өте алмай, он екісі ғана судан аман шыққан екен. Ең алдымен судан өткен тышқан болыпты. Осыдан жылы Тышқан аталыпты. Одан кейін судан сиыр, сосын барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой мешін, тауыұ, ит, доңыз өтіпті. Сөйтіп әр қайсысы бір-бір жылдың атын алыпты. Осылай он екі жыл бір айналып шықса бір мүшел жас, екі айналып шықса екі мүшелі жас болыпты.

Жүргізуші: Көркейер көңіл батадан,

Үлгі алып өссең атадан.

Он

үшке толсаң қазақта,

Бір мүшел жас деп атаған. Қазақ ұғымында кез келген мүшелі жас қатерлі болып саналады. Бұл негізсіз жай сөз емес. Қазір ғалымдар әрбір он екі жылда адам ағзасына елеулі өзгерістердің болатының дәлелдеп отыр. Мүшел жастың бәз сырын әлі жете білмейтін құпиясы бар. Пендешілікпен байқамаймыз, ойланбаймыз, тылсымға сене бермейміз. Өйткені жетпіс жылға жуық құдайсыз қоғамды бастан өткіздік.

Мүшел жаста не істеу керек? Көрініс

Жүргізуші: Бір мүшел тойдың иелері, Болашақ нұрлы өмірдің иегері.

Он үшке қадам басқан ұландарға,

Зор сенім, ақ үмітті артар

еді.

Алғашқы мүшел-адам өмірінің үлкен бір белесі, яғни балалықпен қоштасып, бойы ғана емес сана-сезімі, ақыл ойы да өзгеріп, ересек өмір-тіршілікке қадам басуының бір баспалдағы.

Жүргізуші: (залға

сұрақ)

«Неге

бірінші мүшел он үш, қалғандары он екіден?» деген сұрақ туындайды.

Мүшел жылы Ұлыстың ұлы күні-Наурызда ауысады. Наурыздан бұрын немесе кейін туғанына қарай жаңа туған баланың жылын белгілеген екен. Қазақ бірінші мүшелді он үш деп алып, ары қарай он екі жылдан қосып, келесі мүшелді шығара береді. Осы жерде «Неге бірінші мүшел-он үш қалғандары он екіден?» деген сұрақ туындайды. Оның сыры мынада екен. Баланың іште жатқан мерзімінің есебі. Өйткені ана құрсағында шарана өмір сүріп жетіліп, жарық дүниеге келеді екен. **Жүргізуші: (залға сұрақ)** Неше мүшелі жасты білесіңдер? 1-мүшел-13 жас ер жете бастау 2-мүшел-25 жас жігіттік шақ 3-мүшел-37 жас ақыл тоқтату 4-мүшел-49 жас орта жас 5-мүшел-61 жас орта жас 6-мүшел-73 жас қарттық 7-мүшел-85 жас кәрілік 8-мүшел-97 жас қалжырау 9-мүшел-109 жас шөпшек сүю 10-мүшел-121 жас немене сүю **Жүргізуші:** Осылайша ғұмырың,

Кете барар

жалғасып.

Биіктейді тұғырың,

Мүшелі жастар

алмасып. Байыптап қарасаңыз мүшел жаста өлім-жетім, апат, қырсық-кедергілер жиі кездеседі. Обалды түсініп, сауап жасауға тырысқан. Кісі ақысын жемей, арамға қол созбай, өтірік-өсектен аулақ болуды парыз санаған.

Қантойшыға атқосшы болып барып, қалмақ ханын састырған әйгілі қаз дауысты Қазыбек бидің аңызын бірге тыңдайық.

Жүргізуші;

Төрт, бес алты мүшел ретімен

келеді,

Адамға көп бұл

мүшелдер берері Сол бір шақта дүниені терең ұғынар Өзі болып қай кезде де сенері

Шындап келгенде бұл-әрбір адамның ар-ұятының алдында өзіне есеп беруі. Біліп істеген, білмей істеген күнелары үшін Алладан кешірім өтініп, тәубеге келуі мен азға да, көпке де қанағатты болып, шүкіршілік етуі деп

түсінген жөн.

Жүргізуші:

Психолог мамандар

«Өтпелі жас», «Қауіпті жас» дейді. Сіздің ойыңыз? Осы «қауіпті жас» баланың он екіге толып, әрі қарай мүшелге кіретін, он үшке толып, әрі қарай мүшелден шығатын мерзіміне тура келеді екен. Бұл жаста жеткіншектердің көпшілігі өзінікін мақұл көретін өзімшіл, әр нәрсеге еліктегіш, жақсы мен жаманның, адал мен арамның аражігін ажыратпай, тентектігін-ерлікке, ерсілігін-өжеттікке бағалап, олай да, бұлай да шайқалатын ұрымтал тұсы екенін өмір көрсетіп тұр. Қазір өрімдей балалардың есірткіге әуестенуі, ұрлыққа бейімделуі, қаңғыбастыққа салынуы секілді індеттердің көбейіп кеткені жасырын емес. Әрине, кез келген ата-ана баласының қисық жолға түскенін қаламайды. «Қауіпті жас» деп атаған кезеңде балаға ата-ананың сақтықпен қадағалайтын қырағылығы, ақылмен тәрбие сіңіретін парасаты, мейірім мен сенімге құрылған қарым-қатынасы болса, талай қателіктерден аман өтері анық.

Жүргізуші:

Көріп отыр көз

бүгін,

Мезгіл солай айналар.

Келген сайын өз

жылым,

Мүшел жасым тойланар. «Он үште-отау иесі» дегенді халқымыз мүшелімен байланыстырып айтқан. Ата-әжелер балаға «қарағым, мүшелге толдың, оң-солыңды танитын санатқа іліктің, сенімен санасатын, ой бөлісетін кезең келді. Енді ат жалын тартып мініп, тізгін ұстайтын азаматтығың мен өзіңнен кейінгіні жетелеп демейтін ағалық жолың басталды» деп он үштегі боз балаға міндет-парыз жүктеп, сенім артады екен. Бұл-мән мағынасы терең аталы сөз, үлкен тәрбие жолы.

Оқушылар сурет арқылы әрбір мүшелге толған кезіне тоқталып, өз ойларын ортаға салады.

Жүргізуші:

Әділдікті

жақтаймыз,

Ізгілікті

сақтаймыз.

Артылған сан үмітті,

Азамат боп ақтайық. Мүшел

жасында әр адам сақтанып жүреді, алыс, ауыр сапарларға шықпайды. Ауа райының қолайсыз күндерінде абайлап жүреді. Мүшел жаста біреулер «қайыр садақа берсем, мүшелден кедергісіз өтемін» деп ағат ойлайды. Егер адамның ішкі жан дүниесі

тазармаса, күншілдік, менмендік, мақтаншақтық, жалқаулық сияқты жаман әдеттерден құтылмаса, садақаға алтын берсе де сол күйі қала береді. Өз басым осыны естен шығармаған жөн дер едім.

Жүргізуші: Бүгінгі «Мүшелі жас-мерейлі жас» отырысымызға шақырылған қонағымыздан «Жаңбыр менен жер көгерер, Бата менен ел көгерер» дегендей, мүшелі жасын тойлап отырған жастарға ақ батасын сұрайық.

Жүргізуші: Ендеше, төртінші мүшел 49 жас иесі ортамызда. Ол біздің қамқоршымыз, жол көрсетер ақылшымыз Ләззат апайға сөз беріледі. Тәрбиеші: Мүшелі жасын тойлап отырған бүгінгі балалардың алғашқы қадамдарына сәттілік тілеймін. Талапты бол, өнерлі бол жасыңнан, Әр мүшелде әрбір қырың ашылған. Бақытты бол қай мүшелге жетсең де, Бақыт құрмет арылмай бір басыңнан. Бұл мүшел жас-алғаш шыққан белесің, Алда талай мүшел жасты көресің. Әр мүшел жас қуандырып сендерді. Әр мүшел жас бақытына бөлесің. Әр мүшелдің қызығы бар өзінше, Көрсетер оны уақыт атты төрешің. Сөнбесе сенім санадан, Ынтымақ кетпес арадан. Кешегі күндер үлгісі, Аңыз бен жырмен тараған.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.